



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 8/8
27 ТАМЫЗ



www.instagram.com/qorjyntubek_jaršysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Жаңалықтар

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді



Қазақстан Президентінің Әзербайжанға ресми сапарының бағдарламасы мемлекеттер басшыларының кеңейтілген құраммен өткен келіссөзімен жалғасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев қазақ-әзербайжан стратегиялық серіктестігінің негізгі мәселелерін талқылап, саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударды.

Қазақстан Президенті Бакуға шақырғаны және көрсетілген қонақжайлық үшін тағы да ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың қолайлы перспективаларына назар аударды.

– Менің ойымша, келесі жылы екі ел үкіметтері арасындағы келісім бойынша біз Қазақстанда Әзербайжан мәдениетінің онкүндігін өткізе аламыз. Сіздің еліңіздің мәдениетіне үлкен қызығушылық бар. Біз әзербайжан мәдениетінің көрнекті өкілдерін өз елімізде үлкен ілтипатпен қабылдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ильхам Әлиев Қазақстан Президентіне Әзербайжанға келуге шақыруды қабыл алғаны үшін алғыс айтты.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, мен сізді тағы да шын жүректен қарсы алып, қош келдіңіз дегім келеді. Шақыруды қабыл алып, бізге ресми сапармен келгеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Бұл сапар біздің қарым-қатынасымыздың дамуының болашағы үшін үлкен маңызға ие болатынына сенімдімін. Ең алдымен, мені Қазақстан Республикасының ең жоғары «Алтын Қыран» орденімен марапаттағаныңыз үшін ресми делегацияның алдында сізге тағы да алғыс айтамын. Бұл сыйлықты қабыл алу мен үшін үлкен мәртебе. Мен мұны біздің халықтарымыздың достығы мен бауырластығының дәлелі және Әзербайжанның қарым-қатынасымызды нығайту бағы-

тында жасап жатқан жұмыстарына берілген жоғары баға деп білемін. Сондай-ақ Қазақстанның Әзербайжанға сыйлығы – азат етілген аумақтарда салынатын балалардың шығармашылық даму орталығының тұсаукесері өтті. Бұл халқымызға деген бауырмалдық көзқарастың тағы бір көрінісі, Қарабақты қалпына келтіруге қосқан үлесі», – деді Әзербайжан Президенті.

Сонымен қатар Әзербайжан Президенті жақында Сумгаит қаласының орталық көшелерінің біріне қазақ халқының көрнекті азаматы, ағартушы, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілгенін еске салды. Ол бауырлас екі ел арасындағы қарым-қатынас табысты дамитынына сенім білдірді.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Президенттер Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Қазақстан Республикасы және Әзербайжан Республикасы арасындағы стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық өзара іс-қимылды тереңдету туралы Декларация және Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы 2022-2026 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаға қол қойды.



Сондай-ақ Мемлекеттер басшылары БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді.
akorda.kz

АТА ЗАҢ - ЕЛІМІЗДІҢ ТІРЕГІ, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ

*Қымбатты қала тұрғындары,
әріптестер!*

*Уважаемые
жители города, коллеги!*

Сіздерді тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекесінің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясының 27 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың конституциялық нормалары – бүкіл Қазақстан халқы үшін сенімді болашақты қамтамасыз ететін дәйекті даму мен жаңғыру үдерістерінің негізі!

Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Қадірменді жерлестер!

Сіздерді атаулы мерекемен тағы да құттықтай отырып, әршаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

От всей души поздравляем вас с одним из главных праздников в истории страны – 27-летием Конституции Республики Казахстан!

Конституционные нормы общественного и государственного строительства на современном этапе – основа процессов последовательного развития и модернизации, обеспечивающих надежное для всего народа Казахстана!

Благодаря этому, Казахстан сегодня занимает достойное место в международном сообществе.

Каждый гражданин глубоко осознает значимость Конституции не только для государства и общества, но и лично для себя и своей семьи.

Дорогие Приозерцы!

От всей души поздравляем вас с этим знаменательным праздником! Желаем вам крепкого здоровья, благополучия и процветания в каждой семье.

**С.Сатаев,
Приозерск қаласының әкімі,
Б.Сәрсембеков,
Приозерск қалалық
мәслихат хатшысы.**

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев 1 сентября выступит с Посланием народу Казахстана на совместном заседании обеих палат парламента

Подчеркивается, что основная часть Послания будет посвящена социально-экономическому развитию страны. Напомним, что в прошлый раз глава государства выступал с Посланием народу Казахстана 16 марта текущего года. В тот день президент заявил о глобальных реформах. Тоқаев объявил об образовании новых областей в Казахстане. Также глава государства в ходе прошлого Послания народу Казахстана предложил отойти от суперпрезидентской формы правления. А также объявил о других реформах, касающихся президента страны, исполнительной и законодательной ветвей власти. Отметим, что традиционно президент Казахстана



Касым-Жомарт Тоқаев выступает с Посланием в начале сентября.

nur.kz

Қала жаңалықтары

«Кітапханадағы жаз» демалыс бағдарламасы



Жаз – бұл керемет көңіл күйге, күлкіге, достарыңмен тамаша кездесулерге, қызықты саяхаттарға толы керемет кезең. Сонымен қоса жазғы демалыс кітап оқуға таптырмас уақыт. Балаға білім берудің төте жолы – кітап оқыту. Дұрыс таңдалған кітап бала қызығушылығын оятып, керек біліммен сусындатады. Әр жаста әр түрлі тақырыптағы кітап оқыған жөн. Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Кітапқұмарлық балалық шақтан бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан қалалық кітапхана қызметкерлері балалардың бойында кітап оқу қызығушылығын арттыру мақсатында жаз бойы сан-алуан іс-шаралар ұйымдастырды.



Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру – бұл кітапханалық қызметтің дәстүрлі бағыты. Жазда барлық кітапханалардың басты міндеті – мүмкіндігінше мектеп оқушыларын мағыналы демалыспен қамту, олардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылыққа, қарым-қатынасқа, табиғатты құрметтеуге үйрету, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Жазғы демалысты ұйымдастыру үшін кітапхана мектептермен, балабақшалармен, демалыс лагерлерімен ынтымақтастықта болады. Осы орайда кітапханамызда «Балалар жылы» аясында бірқатар шаралар өткізілді.



Мамыр айында кітапханамызға №1, №2 мектеп, ЦДЮТ «Достық»

шығармашылық орталығы аясында ашылған лагерь балаларына саяхат жасалды. «Көңіл-күймен оқу» атты библиоскамейка, «Бала кезден достықты қадірле» тақырыбында ойын-тренинг, «Пушкинді кішкентайдан үлкенге дейін оқындар» тақырыбында мәнерлеп оқу ұйымдастырылды.



Сонымен қатар шілде айында балаларды салауатты өмір салты мен табиғатты қорғауға баулу мақсатында «Жазда уақытты жоғалтпаңыз, күш, денсаулық жинаңыз!» конкурстық ойын мен «Ақылды түйенің жұмбақтары» тақырыптарында эко-ойыны өткізілді. Тамыз айында балалардың сөздік қорын молайту, мәнерлеп оқу дағдыларын жақсарту, ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Жаздың түсі қандай?» тақырыбында тақпақ айту, «Өзіміз ойнайық, бірге ойнайық» үстел ойындары, «Біз Қазақстанда тұрамыз!» әңгіме диалог сынды шаралар өткізілді.



Балалар – біздің болашағымыз. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

**«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ-нің
балалар бөлімінің кітапханашысы
Келешова Ф.Г**

Приозерск қаласында «Мектепке жол» акциясы аясында жәрмеңке өтті

27-ші тамыз сенбі күні орталық алаңда «Мектепке жол» акциясы аясында мектеп тауарлары мен оқу құралдарының жәрмеңкесі өткізілді.

Бұл жәрмеңкенің басты мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларын қолдау, сондай-ақ ата-аналардың алысқа бармай-ақ балаға қажетті мектеп құралдарын бір жерден алуын ұйымдастыру, халыққа қажетті заттарды төмен бағамен ұсыну болатын. Жаңа оқу жылының қарсаңында қаламсап пен дәптерден бастап, мектеп формасы, аяқ киім мен сөмкеге дейін барлық мектеп құралдары тұрғындарға ұсынылды. Сөреге қойылған тауарлар бағасы нарықтағыдан төмендетіліп сатылды.



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бастама-сымен «Мектепке жол» акциясы Приозерск қаласында жалғасын тапты. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында өткізілетінін атап өтейік. Бұл акция 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында осымен он бірінші жыл өткізіліп отыр. Акция шеңберінде балалар кеңсе керек-жарақтарымен, киіммен қамтылады. Биыл акция аясында білім беру органдары мен ұйымдары тамыз-қыркүйек айларында бірқатар іс-шараларды өткізетінін мәлімдеген болатын. Он

жыл ішінде де, жылдан жылға де-меу-шілік көмек көлемі артып отыр.



Қазақстан Республикасының Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы: «Бүгінде жергілікті билік органдары көмекке мұқтаж балалардың тізімін дайындады. Бұл – шамамен 323 мың бала, бірақ тізімдер ата-аналардан өтініштерді қабылдау арқылы толықтырылады. Мен барлық қазақстандықтарға «Мектепке жол» акциясы 30 қыркүйек-ке дейін жалғасатынын және оған белсенді қатысуға мүмкіндік бар екенін жеткізім келеді. Жергілікті атқарушы органдардың назарын аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды мектепке қауіпсіз тасымалдауды және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдау қажеттілігіне аударғым келеді», деді

Сонымен қатар, қайырымдылық көмек көрсетуге демеушілерді, әлеуметтік серіктестерді, мемлекеттік құрылымдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Республикалық акция күнтізбелік жыл бойы жалғасатынын айта кеткен жөн.

Балаларға мектепке дайындауға көмек көрсеткісі келетіндер тұрғылықты жері бойынша білім беру бөліміне немесе тікелей білім беру ұйымына хабарласа алады.

**Айдархан Тоғжан
Талапбекқызы**

«Құқық бұзушылықсыз әскер» және «Жымқыруға жол жоқ»



2022 жылдың тамыз айында Приозерск гарнизонында мерзімді әскери қызметшілер арасында «Құқық бұзушылықсыз әскер» және «Жымқыруға жол жоқ» айлық акциясы ұйымдастырылуда. Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің офицер – уәкілі әділет аға лейтенанты Ж.Урумбетов және Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің (сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл жөніндегі) офицері әділет аға лейтенанты Н.Мухамед., 44841 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Р.Қабышевтың қатысуымен әскерде жасалған құқықбұзушылықтар бойынша 2022 жылдың 18 тамызында гарнизондық әскери қызметшілердің бос уақыт өткізу орнына мерзімді әскери қызметшілеріне ҚР қылмыстық кодексінің талаптары жеткізілді.



Іс шараға Приозерск гарнизонының 44841,06708 және 18405 әскери бөлімнің мерзімді әскери қызметшілері толықтай қатысты.

Қатардағы жсауыңгер Г.Шералиева

Өзекті

Білім беру ұйымдарының 2022-2023 оқу жылына дайындығы туралы



Санаулы күндерден кейін жаңа оқу жылы басталатыны барлығымызға мәлім. Қыркүйек келіп, күз түскенде оқушылар асқақ арманмен, үкілі үмітпен білім алу мақсатында алтын ұяға беттейді. Расында да әлемдік білім бәсекесіндегі қабілеттілік бүгінгі бүлдіршіндерден бастау алады. Ал балғындар дер кезінде лайықты білім алып, бағытын айқындап алса, бағындырар биік те алыс емес.

Жаңа оқу жылы жақындаған сайын ата-аналардың да, ұстаздардың да жауапкершілігі күшейе түсетіні анық. Бұл жергілікті биліктің де назарынан тыс қалмайтын мәселе. Бұл күнде облыста білім беру жүйесін дамытуға көп көңіл бөлініп отырғаны жиі айтылып келеді. Дегенмен, қала тұрғындары жаңа оқу жылына дайын ба деген мәселе төңірегінде өңірдегі білім ошақтарының бүгінгі жай-күйін шолып шықпақпыз. Ол үшін Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Касимова Гуля Кеңесовнамен сұхбат жүргізіп, ақпарат алуды жөн көрдік;

- Қайырлы күн, Гуля Кеңесқызы! Алдымыздағы маңызды зор -1 қыркүйек білім күнімен құттықтаймын. Бұл мерекенің жылдан жылға мәні артып келеді десек артық айтқандық емес. Жалпы, сұхбатымызды бастамасы ретінде ең алдымен білім беру ұйымдары-

ның жаңа оқу жылына дайындығы туралы айта кетсеңіз, оның ішінде 1 сыныпқа баратын оқушылар жайында ақпарат берсеңіз?!

Қайырлы күн! Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының 2022-2023 оқу жылына дайындығы бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды. Мектептерге жаңа 2022-2023 оқу жылында 1 сыныпқа барлығы 219 бала қабылданды. 1 сынып оқушыларының саны былтырғы оқу жылына қарағанда 14 балаға көбейді. 1 сыныпқа қабылдану үшін құжаттар электронды түрде e.bilimal.kz ақпараттық жүйесі арқылы тапсырылды.

- Білімді ұрпақтың ғана бақыты мол, ырысы шалқар болмақ. Жалпы, өзіңіз білетіндей мектепте баратын оқушылардың арасында талай әлеуметтік жағдайға байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар болады, олар үшін осы жылы облыс тарапынан, білім беретін ұйымдардың тарапынан қандай көмек көрсетілуде?

Иә, әрине көмек көрсетілуде. Мысалы, Жыл сайынғы Приозерск қаласында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бастамасымен «Мектепке жол» акциясы жалғасын тапты. Акция 2022 жылдың 1 тамызынан басталып 30 қыркүйекте аяқталады.

Акцияның мақсаты аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету болып табылады. «Мектепке жол» платформасының қызметі туралы ата-аналар мен педагогикалық қоғамдастық арасында кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

- Жақсы, керемет! Ал, осы айтылған акция өз жемісін беріп жатырма, сараптама жасайтын болсақ?

Қазіргі уақытта қаланың мемлекеттік мекемелері мен кәсіпкерлердің көмегімен жоғарыда аталған санаттардағы 53 оқушыға көмек көрсетілді. Сонымен қатар, әлеуметтік осал

топтағы отбасылардан шыққан 156 балаға жалпы оқумен қамту қорынан 37 389 теңгеден көмек көрсетілді. Көмек ретінде мектепке қажетті мектеп формасы, спорттық киімдер, мектеп сумкалары, аяқ киімдер және құрал-жабдықтар берілді. Балаларға көмек көрсету жұмыстары жалғасуда.

- Оқу жылының басталуына санаулы күндер ғана қалды. Білім саласындағы жайлылық көбіне педагогикалық процестің материалдық-техникалық құрамастарына тәуелді, атап айтсақ, жөндеу жұмыстарын жүргізбей, оның тиісті сапасына қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан мектептегі жөндеу жұмыстары жайлы да айта кетсеңіз?

Жыл сайын білім беру ұйымдарының ғимараттарына тазарту, жөндеу, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады. Ағымдағы жылы да бұл жұмыстар жалғасын тапты. 2022 жылы облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа №1 мектептің спортзалына және «Балбөбек» бөбекжайының ойын алаңдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Білім беру ұйымдары жаңа оқу жылында оқушыларды таза және жайлы мектепке қабылдауға дайын.

- Түсінікті, ал бұдан бөлек биылғы кітап мәселесіне келетін болсақ, осы жылы кітап тапшылығы бар ма? Білім беретін ұйымдарына қанша қаражат бөлінді кітап жабдықтары мен толық қамту үшін?

Жалпы білім беретін мектептердің кітапхана қоры сыныптардың оқулықтарымен толықтырылып отырады. 2022-2023 оқу жылында оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен оқулықтарға 16 154 000 теңге бөлінді, оның ішінде 1 531 000 теңгесі жүк тасымалдау көлігіне жұмсалды. Оқулықтарға жалпы 7 баспа бойынша тапсырыс жасалынды: «Алматыкітап», «Атамұра», «Мектеп», «НИШ», «Көкжиек», «Арман ПВ», «САТР» баспасы.

1-сынып оқушыларының жұмыс дәптерлеріне және 2-сыныптың оқулықтары баспадан қайта басылып шығуына байланысты

аталған баспаларға тапсырыс берілді. 1-9 сыныптың мүмкіндігі шектеулі оқушылары үшін оқулықтар «САТР» баспасынан сатып алынады.

Сонымен қатар 1-11 сыныптарға қосымша оқулықтар сатып алуға тапсырыс берілді. Бүгінгі күнге оқулықтардың 40% мектептерге жеткізіліп оқушыларға таратылды. Ағымдағы жылдың 25 тамызына дейін оқулықтар толық жеткізіледі. Жалпы білім беретін мектептерде кітап тапшылығы жоқ. Оқушылар 100% оқулықтармен қамтылады.

- Жақсы, енді бір соңғы маңызды мәселеге тоқтала кетсем. Мектеп жасындағы балалардың тамақтануында әр мәселенің маңызы бар, Денсаулықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі – дұрыс тамақтану. Оның ішінде мектеп оқушыларының дұрыс әрі уақтылы тамақтануында, қазіргі таңда білім беретін мекемелерде тамақ мәселесі қалай болып жатыр?

Әрине, бұл да маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануы олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты былтырғы оқу жылынан бастап мектептерде 1-4 сынып оқушылары және аз қамтылған отбасының балалары бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылды. Жаңа оқу жылында қыркүйек айынан бастап аталған оқушыларға бір реттік тегін ыстық тамақпен қамту жалғастырылады. Мектеп асханалары балаларды тамақпен қамтамасыз етуге дайындық жұмыстарын жүргізді. Ас блогында және асханада бақылау камералары орнатылды. Қазіргі заман талабына сай былтырғы оқу жылынан бастап мектеп асханаларында ақшасыз есеп айырысу енгізілді.

– Жалпы, бұл сұхбат арқылы білім бәсекесінде бағытымыз айқын екеніне көз жеткізуге болады. Сұхбатыңызға рахмет! Жаңа оқу жылында абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін!

Сұхбат жүргізген: Журналист - Айдархан Тогжан Талғамбекқызы

Повышения доходов населения согласно программе об обеспечении стабилизации цен, принятия плана обеспечения продовольственной безопасности на 2022-2024 годы.



Еженедельные сельскохозяйственные ярмарки стартовали с 19 марта 2022 года и проводятся каждую субботу.

Еженедельные сельскохозяйственные ярмарки проводятся с участием предпринимателей и оптовых реализаторов городов Тараз, Чу,

В текущем году с 19 марта по 22 августа проведено в общем количестве 23 сельскохозяйственных ярмарки.

Реализовано: мясной продукции - 36,8 тонн на сумму 78 млн. тг; картофеля - 99,3 тонн на сумму 17

млн. тг;
плодоовощной продукции - 58,1 тонн на сумму 16 млн. тг;
молочной продукции - 5,2 тонн на сумму 3,7 млн. тг;
бакалейной продукции - 15,1 тонн на сумму 5,4 млн. тг.
В общей сумме сумма 120,1 млн. тенге.



ГУ Отделом предпринимательства и сельского хозяйства г.Приозерск





Жобай

**Приозерск қалалық мәслихатының
2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV
сессиясының № 34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж
азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
қағидаларын бекіту туралы» шешіміне
толықтыруенгізу туралы**

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2690 тіркелген) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының:

барлық мәтіні бойынша:

«мүгедектер», «мүгедектер», «мүгедектер», «мүгедектер» деген сөздер тиісінше «мүгедектігі бар адамдар», «мүгедектігі бар адамдар», «мүгедектігі бар адамдар», деген сөздермен ауыстырылсын;

«мүгедек балалар» деген сөздер тиісінше «мүгедектігі бар балалар» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 бөлімнің 4 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы»

2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және «Ардагерлер туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Үлгілік қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

8 тармағы келесідей мазмұндағы 16-4) тармақшамен толықтырылсын:

«16-4) 16 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар, он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балалар және 1 топтағы жеке оналту бағдарламасы бар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы санаторлық-курорттық емделуге жолдаманы таңдаған мүгедектігі бар адамдар»

25-1, 25-2, 25-3 және 25-4-тармақтар алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қалалық мәслихат
хатшысы
Б. Сәрсембеков**

**О внесении изменения и дополнения в решение XXXIV
сессии Приозерского городского маслихата
от 25 июня 2014 года
№ 34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной
помощи, установления размеров и определения перечня
отдельных категорий нуждающихся граждан города
Приозерск»**

РЕШИЛ:

1. Внести в решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск» от 25 июня 2014 года № 34/238 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2690) следующие изменения и дополнения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденных указанным решением:

по всему тексту:

слова «инвалиды», «инвалидам», «инвалидами», «инвалидов» заменить соответственно словами «лица с инвалидностью», «лицам с инвалидностью», «лиц с инвалидностью»;

слова «дети-инвалиды» заменить соответственно словами «дети с инвалидностью»;

пункт 4 раздела I изложить в новой редакции:

«4. Лицам, указанным статье 16 Закона Республики Казахстан от 13 апреля 2005 «О социальной защите

лиц с инвалидностью в Республике Казахстан» и в подпункте 2) статьи 10, в подпункте 2) статьи 11, в подпункте 2) статьи 12, в подпункте 2) статьи 13 Закона Республики Казахстан от 6 мая 2020 года «О ветеранах», социальная помощь оказывается в порядке, предусмотренном настоящими Правилами.»;

пункт 8 дополнить подпунктом 16-4) следующего содержания:

«16-4) дети с инвалидностью до шестнадцати лет, дети с инвалидностью с шестнадцати до восемнадцати лет - первой, второй, третьей групп и лица с инвалидностью I группы, имеющие индивидуальную программу реабилитации на санаторно-курортное лечение, которые выбрали путевку на санаторно-курортное лечение через Портал социальных услуг»;

пункты 25-1, 25-2, 25-3 и 25-4 исключить.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Секретарь
городского маслихата
Б. Сәрсембеков**

**Паразитарные заболевания,
профилактика**

Паразитарные заболевания – широко распространенная, разнообразная группа болезней, вызываемых гельминтами и простейшими, которые проходят жизненный цикл в организме человека, питаются и размножаются за счет «хозяйина» и вызывая поражение различных органов и систем.

Как происходит заражение?

До попадания в организм человека, гельминты и простейшие проходят цикл развития в других средах или живых организмах.

- В почве при определенных условиях температуры и влажности сохраняются яйца и личинки аскарид, стронгилоид, анкилостом. Человек заражается при попадании зараженной почвы через грязные руки, воду, непромытые фрукты и овощи, непосредственно с землей

- В живых организмах проходят циклы развития следующие гельминты: описторхи (кошачья двуустка) клонорхи, трихинеллы, токсокары, эхинококки, свиной и бычий цепень. До достижения зрелости, чтобы паразитировать в человеке, возможна смена одного или двух промежу-

тых хозяев. Это моллюски, ракообразные, рыба, насекомые. Употребление термически недостаточно обработанной рыбы и мяса, сырой воды приводит к заражению.

Еще один путь заражения — при непосредственном контакте людей через рукопожатия, общие предметы гигиены и быта или путем самозаражения. Речь идет о контагиозных гельминтах: энтеробиоз, стронгилоидоз, цистицеркоз, лямблиоз.

Мероприятия по профилактике паразитарных болезней:

Соблюдение правил личной гигиены: тщательное мытье рук после прогулки, туалета, перед едой, после контакта с животными, землей. Кипятить молоко, не употреблять сырую воду из природных водоемов. Перед употреблением тщательно мыть фрукты и овощи. Строго соблюдать правила содержания кошек и собак.

Прививать гигиенические навыки детям, следить за чистотой их рук и ногтей.

**Приозерское городское
управление санитарно-эпидемиологического контроля**

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Пирманова Журабек Хожабевича, умершего 04.06.2022 года. Наследникам, а также физ. и юр. лицам которым гр. Пирманов Ж.Х., имел обязательства обращаться к нотариусу Карабекову С.С., по адресу г. Приозерск ул. Космонавтов, д. 1 тел. 87014759101

**Частный нотариус г. Приозерск
Карабеков С.С.**

Наследственное дело

После смерти Айтеленовой Зарины Муратбековны, умершей 22 июля 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

**Частный нотариус г. Приозерск
Ахметов Р.Б.**

Наследственное дело

После смерти Севостьянова Александра Анатольевича, умершего 27 апреля 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

**Частный нотариус г. Приозерск
Ахметов Р.Б.**

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арқо" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №8/8, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.